



Бейімбет Майлин ауданының Тобыл кенті, ауылдық округтер бюджеттерінің кірістері мен шығындарының болжамды көлемін есептеу тәртіпкесін бекіту туралы

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 8 желтоқсандағы № 295 қаулысы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 45-бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына және "Жалпы сипаттағы трансферттердің есеп-қисаптар әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 11 желтоқсандағы № 139 бұйрығына сәйкес, Бейімбет Майлин әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бейімбет Майлин ауданының Тобыл кенті, ауылдық округтер бюджеттерінің кірістері мен шығындарының болжамды көлемін есептеу тәртіпкесі осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) осы қаулыға қол қойылған күнінен бастап күнтізбелік жиырма күн ішінді оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қостанай облысы бойынша филиалына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

2) осы қаулыны қол қойылған күннен бастап Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Бейімбет Майлин ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Мыржақыпов

Бейімбет Майлин

әкімдігінің

2021 жылғы 8 желтоқсандағы

№ 295 қаулысына

қосымша

Бейімбет Майлин ауданы Тобыл кенті, ауылдық округтер бюджеттерінің кірістері мен шығындарының болжамды көлемін есептеу тәртіпкесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы аудандық маңызы бар Тобыл кенті, ауылдық округтер бюджеттерінің кірістері мен шығындарының болжамды көлемін есептеу тәртіпкесі (бұдан әрі – Тәртіпке) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 45-бабының 9-тармағына сәйкес әзірленді және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің кірістері мен шығындарының болжамды көлемін есептеу кезінде қолданылады.

2-тарау. Тобыл кенті, ауылдық округтер бюджеттерінің кірістерінің болжамды көлемін айқындау

2. Тобыл кенті, ауылдық округтер бюджеттерінің кірістерінің болжамды көлемдері Бюджет кодексінің 65-бабына сәйкес бекітілетін бюджет түсімдерін болжау әдістемесіне сәйкес есептеледі.

3-тарау. Тобыл кенті, ауылдық округтер бюджеттерінің шығындарының болжамды көлемін айқындау

3. Тобыл кенті, ауылдық округтер бюджеттерінің шығындарының болжамды көлемі Бюджет кодексінің 56-1-бабында белгіленген функционалдық белгісі бойынша шығыстар бағыттарын ескере отырып, ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындардың болжамды көлемінің сомасы ретінде есептеледі.

Бұл ретте тұрақты сипаты бар Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік басқару функцияларын және мемлекеттің міндеттемелерін орындау жөніндегі бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қызметін қамтамасыз етуге, сондай-ақ стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың мақсатына қол жеткізуге, нақты міндеттері мен іс-шараларын шешуге бағытталған ағымдағы бюджеттік бағдарламалар бойынша шығындардың болжамды көлемі:

еңбекақы төлеуге, коммуналдық қызметтерге ақы төлеуге, өнімдер мен дәрілік заттарды сатып алуға, жәрдемақылар төлеуге және басқа да шығындардан (бұдан әрі - ағымдағы шығындар);

материалдық-техникалық базаны нығайтуға, күрделі жөндеуге арналған шығындардан (бұдан әрі - күрделі сипаттағы шығындар) тұрады.

1-параграф. Тобыл кенті, ауылдық округтер бюджеттерінің ағымдағы шығындарының болжамды көлемін есептеу

4. Ағымдағы шығындарды есептеу үшін тұтастай аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері бойынша ағымдағы шығындардың болжамды көлемі айқындалады.

5. Тобыл кенті, ауылдық округтер бюджеттерінің ағымдағы шығындарының болжамды көлемін айқындау кезінде мыналар ескеріледі:

1) облыстың әлеуметтік-экономикалық даму болжамына және бюджеттік параметрлеріне сәйкес (жалақыны қоспағанда) жоспарланған кезеңде тұтыну бағалары индексіне ағымдағы шығындардың ұлғаюын ескере отырып, ағымдағы шығындардың жиынтық көлемі;

2) Тобыл кенті, ауылдық округтер бюджеттерінің ұлғаюын немесе қысқаруын көздейтін және жоспарланатын кезеңде қолданысқа енгізілетін Қазақстан Республикасы заңдарының ережелері;

3) Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтары, Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулылары жобаларының, Қазақстан Республикасы министрлерінің және орталық мемлекеттік органдардың өзге де басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтарының, орталық мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық қаулыларының, орталық мемлекеттік органдардың ведомстволары басшыларының нормативтік құқықтық бұйрықтарын бекіту бойынша тікелей құзыреті болған кезде олардың құрылымына ведомство кіретін, жергілікті бюджеттердің түсімдерін қысқартуды немесе шығыстарын ұлғайтуды көздейтін және жоспарланып отырған кезеңде қолданысқа енгізілетін мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілері;

4) бұрын ағымдағы нысаналы трансферттер есебінен қаржыландырылған тұрақты сипаттағы шығындар;

5) Тобыл кенті, ауылдық округтер бюджеттерінің шығыстарын ұлғайтуды немесе қысқартуды көздейтін және жоспарланып отырған кезеңде қолданысқа енгізілетін облыстық өкілді және атқарушы органдар шешімдерінің ережелері.

6. Тобыл кенті, ауылдық округтер бюджеттерінің ағымдағы шығындарының жиынтық болжамды көлемінен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес экологиялық үстемеақылар төлеуге, материалдық көмек көрсетуге және мемлекеттік мекемелер мен қазыналық кәсіпорындар жұмыскерлеріне қосымша демалыстар беруге арналған қаражат алып тасталады және аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттерінің бойынша ағымдағы шығындардың болжамды көлемі есептелген соң абсолютті сомалармен қосылады.

7. Тобыл кенті, ауылдық округтер бюджеттерінің ағымдағы шығындарының көлемін болжамдаудың есептік базасына жоспарланатын кезеңнің алдындағы жылдың нақтыланған жоспарына сәйкес ағымдағы шығындардың көлемі қабылданады.

8. Тобыл кенті, ауылдық округтер бюджеттерінің ағымдағы шығындарының болжамды көлемін есептеу Бюджет кодексінің 56-1-бабына сәйкес осы Тәртіпкеңің қосымшасына сәйкес мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын функционалдық

кіші топтардың, оларға қатысты көрсеткіштер мен коэффициенттердің тізбесінде келтірілген көрсеткіштер мен коэффициенттер ескеріле отырып, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын функционалдық кіші топтар бөлінісінде жүргізіледі.

Халық санының болжамы төмендеген кезде үш жылдық жоспарланған кезең алдындағы жыл санының болжамы қолданылады.

9. Жеке функционалдық кіші топ бойынша жекелеген аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің ағымдағы шығындарын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$АШ_j^i = Ш_j * \frac{T_j^i \cdot K_1^{ij} \cdot \dots \cdot K_n^{ij}}{\sum_{i=1}^n T_j^i \cdot K_1^{ij} \cdot \dots \cdot K_n^{ij}},$$

мұнда:

АШ_jⁱ – j функционалдық кіші тобы бойынша i-аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің ағымдағы есептік шығындары;

Ш_j – j функционалдық кіші тобы бойынша барлық аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің жергілікті бюджеттері бойынша ағымдағы шығындарының жиынтық болжамды көлемі;

T_jⁱ – j функционалдық кіші тобы бойынша i-аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің мемлекеттік қызметтерін тұтынушылардың саны;

K_{1ij}, ..., K_{nij} – j функционалдық кіші тобы бойынша i-аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі, ауылдық округтердегі мемлекеттік қызметтер көрсетудің құнындағы республикалық орта деңгейден айырмашылықты негіздейтін объективті факторларды ескеретін коэффициенттер.

10. Ағымдағы шығындардың болжамды көлемін есептеген кезде мемлекеттік қызмет көрсету құнының әртүрлілігін негіздейтін, объективті факторларды көрсететін мынадай коэффициенттер қолданылады:

1) қоныстандыру дисперсиялығының коэффициенті:

$$K_{дисп}^i = 1 + \frac{Хал_{кіші}^i}{Хал^i},$$

мұнда:

Хал_{кіші}ⁱ – халық саны 500 адамнан аз елді мекендерде тұратын i-аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің халық санының болжамы;

Халі – і-аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер халқының жалпы санының болжамы.

Қоныстандыру дисперсиялығының коэффициенті елді мекеннің мөлшеріне тәуелсіз мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің белгілі бір жинағын, оның ішінде қосымша көлік және өзге де шығыстарды ескере отырып, қамтамасыз ету қажеттігіне негізделген шығындардың орташа аудандық деңгейімен салыстырғандағы барынша жоғары деңгейін ескереді;

2) ауқым коэффициенті:

$$K_{\text{ауқым}}^i = 1 + \alpha \frac{\overline{\text{Хал}} - \text{Хал}^i}{\text{Хал}^i},$$

мұнда:

α

– аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер халқы санының орташа аудандық деңгейден ауытқуы есептелетін салмақ;

$\overline{\text{Хал}}$

– бір ауылдық округтің халқының орташа санының болжамы;

Халі – і-аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің халық санының болжамы;

Ауқым коэффициенті тұтынушылар санының өсуімен, бір тұтынушыға шаққандағы мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынуға арналған шығындар көлемінің төмендеуін көрсететін ауқымның тиімділігін ескереді;

3) тығыздық коэффициенті:

$$K_{\text{тығыз}}^i = 1 + \beta \frac{\overline{p}}{p^i},$$

мұнда:

\overline{p} – аудан бойынша халықтың орташа тығыздығы;

p^i – і-аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі, ауылдық округтердегі халықтың тығыздығы;

β

– аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер халқының тығыздығының орташа аудандық деңгейден ауытқуы ескерілетін салмақ.

Тығыздық коэффициенті өңір халқы тығыздығының төмендеуіне байланысты аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерінің шығындарының ұлғаюын ескереді;

4) жолдарды күтіп-ұстау коэффициенті:

$$K_{\text{жол}}^i = \frac{N_i}{\bar{N}},$$

мұнда:

N_i – "Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 2-тармағының 38) тармақшасына сәйкес бекітілетін i -аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күтіп-ұстауды қаржыландыру нормативі;

\bar{N}

– аудан бойынша орташа автомобиль жолдарын күтіп-ұстауды қаржыландыру нормативі;

5) жылыту маусымының ұзақтығын есептеу коэффициенті:

$$K_{\text{жылыту}}^i = 1 + \gamma \frac{d^i - \bar{d}}{\bar{d}},$$

мұнда:

d^i

– i -аудандық маңызы бар қалалардағы, ауылдардағы, кенттердегі, ауылдық округтердегі жылыту маусымының кезеңі;

\bar{d}

– аудан бойынша жылыту маусымының орташа кезеңі;

– аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерінің ағымдағы шығындарының жалпы көлеміндегі жылытуға жұмсалатын шығындардың үлесі.

Жылыту маусымының ұзақтығын есептеу коэффициенті аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерінің жылытуға жұмсайтын шығындарының аудандағы жылыту маусымының ұзақтығына байланысын ескереді.

11. Келесі екі жылдардағы аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерінің ағымдағы шығындарының көлемін болжаудың есептік базасына тұтыну бағаларының индексін ескере отырып, үш жылдық кезеңнің бірінші жылының аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерінің ағымдағы шығындарының болжамды көлемі қабылданады.

2-параграф. Тобыл кенті, ауылдық округтер бюджеттерінің бюджеттерінің күрделі сипаттағы шығындарының болжамды көлемін есептеу

12. Күрделі сипаттағы шығындарды қаржыландыру үшін көзделетін қаражаттың жалпы болжамды көлемі аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің ағымдағы шығындарын қаржыландырудың жалпы көлеміне қатысты пайыздық қатынасқа сәйкес жылдар бойынша бөліністе айқындалады.

Күрделі сипаттағы шығындарды қаржыландыру үшін көзделетін қаражаттың болжамды көлемін есептеу әрбір аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бойынша жеке мына формула бойынша жүргізіледі:

$$КШі = k * ЕШі,$$

мұнда:

КШі – і-аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің күрделі сипаттағы есептік шығындары;

ЕШі – і-аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің ағымдағы есептік шығындары;

k – күрделі сипаттағы шығындардың ағымдағы шығындардың жалпы көлеміне пайыздық қатысының шамасы.

Аудандық бюджет пен (облыстық маңызы бар қала) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттердің көлемін айқындау үшін k коэффициентінің шамасы Бюджет кодексінің 5-бабына сәйкес аудандық бюджет комиссиясының шешімімен белгіленеді.

3-параграф. Тобыл кенті, ауылдық округтер бюджеттерінің бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындарының болжамды көлемін есептеу

13. Бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындарды қаржыландыру үшін көзделетін қаражаттың жалпы болжамды көлемі аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің ағымдағы шығындарының болжамды көлеміне және кірістерінің болжамды көлеміне пайыздық ара қатынаста жылдар бөлінісінде айқындалады.

Бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындарды қаржыландыру үшін көзделетін қаражаттың жалпы болжамды көлемін есептеу әрбір аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бойынша жеке мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$\text{БДБШі} = (r1 * \text{ЕШі}) + (r2 * \text{КБКі}),$$

мұндағы:

БДБШі – i-аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттік даму бағдарламалары бойынша есептік шығындары;

ЕШі – i-аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің ағымдағы есептік шығындары;

КБКі – i-аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің кірістерінің болжамды көлемдері;

r1 – бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындардың ағымдағы шығындардың жалпы көлеміне пайыздық қатынасының шамасы.

r2 – аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттік даму бағдарламалары бойынша шығындардың жергілікті бюджет кірістерінің болжамды көлеміне пайыздық қатынасының шамасы.

Тобыл кенті,
ауылдық округтер
бюджеттерінің кірістері
мен шығындарының
болжамды көлемін
есептеу қағидасына
қосымша

Мемлекеттік функцияларды жүзеге асыратын функционалдық кіші топтардың, олардың көрсеткіштері мен коэффициенттерінің тізбесі

Функционалдық кіші топтардың атауы	Көрсеткіштер	Коэффициенттер
1	2	3
1. Жалпы сипаттағы көрсетілетін мемлекеттік қызметтер		
Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын	Тұрақты халық саны	қоныстандыру дисперсиялығы; тығыздық; ауқым; жылыту

өкілетті, атқарушы және басқа да органдар		маусымының ұзақтығын есепке алу
7. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы		
Елді мекендерді абаттандыр	Тұрақты халық саны	тығыздық; жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу
12. Көлік және коммуникация		
Автомобиль көлігі	Жергілікті маңызы бар автожолдардың, оның ішінде елді мекендер мен көшелер ішіндегі автожолдар ұзындығы (километр)	жолдарды күтіп-ұстау; жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК